

Әуликөл ауданы бойынша 2024 жылға арналған кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға шығыстардың ең төмен мөлшерін бекіту туралы

Мерзімі біткен

Қостанай облысы Әуликөл ауданы мәслихатының 2024 жылғы 29 сәуірдегі № 177 шешімі. Мерзімі өткендіктен қолданыс тоқтатылды

"Тұрғын үй қатынастары туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-3-бабының 1-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Индустрия және инфрақұрылымдық даму Министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 наурыздағы № 166 бұйрығына сәйкес, "Кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстар сметасын есептеу әдістемесін, сондай-ақ кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшерін есептеу әдістемесін бекіту туралы" Әуликөл аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Әуликөл ауданы бойынша 2024 жылға арналған кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төменгі мөлшері осы шешімнің 1-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Әуликөл ауданы бойынша кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың 2024 жылға арналған ең төменгі мөлшері көп пәтерлі тұрғын үйді пайдалану мерзімі мен сипаттамаларына байланысты арттыру коэффициентін ескере отырып, осы шешімнің 2-қосымшасына сәйкес бекітілсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат төрағасы

Д. Қойшыбаев

Мәслихатының

2024 жылғы 29 сәуірдегі

№ 177 шешіміне

1 - қосымша

Әуликөл ауданы бойынша 2024 жылға арналған кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең аз мөлшері

№	Қызметтердің атауы	Кезеңділігі	Құны тг/м²

1	Кондоминиум объектісін басқару, оның ішінде:		4,64
1.1.	Бухгалтерлік есепті, статистикалық салық есептілігін жүргізгені үшін еңбек ақы төлеу		1,76
1.2.	Атқарушы органға кондоминиум объектісін басқарғаны үшін еңбек ақы төлеу		2,03
1.3.	Бюджетке төленетін міндетті төлемдер (ай сайын салықтар, аударымдар және басқалар)		0,36
1.4.	Банк қызметтері		0,04
1.5.	Есеп айырысу-кассалық қызмет көрсету үшін ақы төлеу		0,02
1.6.	Кеңсені ұстауға арналған шығыстар (жалға алу, байланыс, кеңсе тауарлары, ұйымдастыру техникасы және оны күтіп-ұстау)		0,43
2	Кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстау, оның ішінде:		25,83
2.1.	Кондоминиум объектісінің жер төлеуі-жайларын, паркингтерін және басқа да ортақ пайдаланылатын орындарын дератизациялау, дезинсекциялау, дезинфекциялау	жылына 4 рет	3,33
2.2.	Энергетикалық желілердің, сондай-ақ энергия тұтынуды есепке алу аспаптарының тиісті техникалық жай-күйі мен қауіпсіздігі энергиямен жабдықтаушы ұйымға жүктелген жағдайларды қоспағанда, үйге ортақ инженерлік жүйелердегі (жылыту, ыстық және суық сумен жабдықтау, су бұру, электрмен жабдықтау, газбен жабдықтау, желдету)	жылыту кезеңінде - тәулік бойы; жылыту емес кезеңде - айына 2 рет	12,43

	авариялармен кондоминиум объектісінің жабдықтарына техникалық қызмет көрсету, оларды оқшаулау		
2.3.	Үйге ортақ инженерлік жүйелермен жабдықтарды күзгі-қысқы кезеңге дайындау	тәулік бойы	2,19
2.4.	Кондоминиум объектісінің ортақ пайдалану орындарының санитарлық жағдайын қамтамасыз ету	аптасына 1 рет	5,51
2.5.	Кондоминиум объектісінің үй маңындағы аумағындағы жер учаскесінің санитарлық жай-күйін қамтамасыз ету (көгалдандыру (жасыл желектермен көгалдарды отырғызу, күту, кесу), қоқыс құбырларын санитарлық тазалау, қазылған шұңқырларды тазалау, аула әжетханаларын жинау және әктеу, жапырақтарды, қармен мұздақтарды, оның ішінде шатырдан жинау)	айына 1 рет	0,93
2.6.	Энергетикалық желілердің, сондай-ақ энергия тұтынуды есепке алу аспаптарының тиісті техникалық жай-күйімен қауіпсіздігі энергиямен жабдықтаушы ұйымға жүктелген жағдайларды қоспағанда, үйге ортақ есепке алу аспаптарына сервистік қызмет көрсету және тексеру	жылына 1 рет	0,00
	Өртке қарсы жабдықтарды ұстауды, өрт сөндіргіштерді сатып алуды және зарядтауды қоса алғанда, өртке қарсы іс-шаралар, өртке қарсы		

2.7.	сигнал беру және өрт сөндіру жүйелерін сатып алуды және орнатуды қоспағанда, арнайы жазбаларды, көрсеткіштерді жүзеге асыру, эвакуациялау жоспарларымен схемаларын ресімдеу	жылына 1 рет	1,43
2.8.	Пәтер, тұрғын емес үй-жайлардың меншік иелері жиналысының шешімі бойынша кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған Коммуналдық қызметтерге ақы төлеу	ай сайын	-
2.9.	2024 жылға арналған инфляция деңгейі	жылына 1 рет	8,2
Әулікөл ауданы бойынша 2024 жылға арналған кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең аз мөлшері			38,67

Мәслихатының
2024 жылғы 29 сәуірдегі
№ 177 шешіміне
2 - қосымша

Көпәтерлі тұрғын үйді пайдалану мерзімі мен сипаттамасына қарай арттыру коэффициентін ескере отырып, кондоминиум объектісін басқаруға және кондоминиум объектісінің ортақ мүлкін күтіп-ұстауға арналған шығыстардың ең төмен мөлшері

Ғимараттар классы	Қабаттылық				
	2-ге дейін	3-5	6-9	10-15	16 и выше
Ғимараттың пайдалану мерзімі (0-5 жыл)					
I	38,67	38,67	38,67	38,67	38,67
II	38,67	38,67	38,67	38,67	38,67
III	38,67	38,67	38,67	38,67	38,67
IV	38,67	38,67	38,67	38,67	38,67
Шағын тұрғын үй	38,67	38,67	38,67	38,67	38,67
Ғимараттың пайдалану мерзімі (6-10 жыл)					
I	49,59	49,59	45,95	42,31	42,31
II	49,59	49,59	45,95	42,31	42,31
III	53,23	53,23	49,59	45,95	45,95
IV	53,23	53,23	49,59	45,95	45,95

Шағын тұрғын үй	53,23	53,23	49,59	45,95	45,95
Ғимараттың пайдалану мерзімі (11-20 жыл)					
I	53,23	53,23	49,59	45,95	45,95
II	53,23	53,23	49,59	45,95	45,95
III	56,88	56,88	53,23	49,59	49,59
IV	56,88	56,88	53,23	49,59	49,59
Шағын тұрғын үй	56,88	56,88	53,23	49,59	49,59
Ғимараттың пайдалану мерзімі (21-40 жыл)					
I	56,88	56,88	53,23	49,59	49,59
II	56,88	56,88	53,23	49,59	49,59
III	60,52	60,52	56,88	53,23	53,23
IV	60,52	60,52	56,88	53,23	53,23
Шағын тұрғын үй	60,52	60,52	56,88	53,23	53,23
Ғимараттың пайдалану мерзімі (41-80 жыл)					
I	60,52	60,52	56,88	53,23	53,23
II	60,52	60,52	56,88	53,23	53,23
III	64,16	64,16	60,52	56,88	56,88
IV	64,16	64,16	60,52	56,88	56,88
Шағын тұрғын үй	64,16	64,16	60,52	56,88	56,88